

ӘОЖ 315.775.2

ТҮЛҒА ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Оймауытова Айдана Танатқанқызы

aidana_oi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Албытова Н.П.

Қазіргі таңда тұлғаның қарым-қатынас процестері түрлі теле және компьютерлік коммуникациялар, ғаламтор сияқты жаңа технологиялар негізінде жүзеге асады. Заманауи технологиялардың көптеп шығуы жастардың үйлесімді де белсенді қарым-қатынас жасауына кедергі болуда.

Осының салдарынан жеткіншектер агрессивті, эмоционалды түрде сезімталдығы аз, бірін-бірі түсіну мен қолдау көрсету сияқты әрекеттері қарқынды дамиды. Сондықтан, психологтер мен педагогтер басты назарды тұлғаның қарым-қатынас мәселесіне ерекше аудару қажет.

Қарым-қатынас дегеніміз – тіл арқылы пікір алмасу. Адамдардың қарым-қатынасы ақпарат алмасудың жеке дара жағдайына айналады. Сөйлеу құралдарымен қатар адамдарда қарым-қатынастың сөзден тыс жолдары бар: келбет, ым, мимика т.б.

Қарым-қатынас – қоғамның мәдени деңгейін көрсететін, оның терең негізі мен даму құралы болып табылатын қоғамдық тарихи дамудың нәтижесі. Қарым-қатынастың кез-келген түрі қарапайым болып көрінгенімен, объективті және субъективті сипаттағы күрделі заңдылықтарға бағынады.

Кең мағынада қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамның бірлескен іс-әрекет ету үрдісінде адамның белгілі мінез-құлық үлгісі мен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымымен астасып кетеді. Қарым-қатынас үдерісі барысында адам өзінің ішкі «Менің», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасына қалыптастырады[2].

Психология ғылымында тұлға аралық қарым-қатынас мәселесінің түрлі аспектілері В.Н.Мясищев, Б.Г.Ананьев, Б.Ф.Ломов, Г.М.Андреева, А.В.Петровский, А.А.Бодалев зерттеулерінде қарастырылған. Еңбек пен таным жиынтығында қарым-қатынас сана дамуын негіздейтін адамдардың негізгі іс-әрекетінің басты үштігіне кіреді. Қарым-қатынас адамдар мен тұлғааралық ақпараттарды тасымалдайды, ақпарат алмасу және адам іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын реттеу болып табылады, адамдардың ішкі дүниесінің қайта жасалуына негіз болады [3].

Әлеуметтік психологтар біртұтас қарым-қатынас процесінің (Б.Д. Парыгин, Г. М. Андреева) үш бағытын немесе қызметін бөледі [5]:

- коммуникативті (ақпарат беру, алу және алмасу);
- интерактивті (өзара әрекеттесу);
- перцептивті (қабылдау, түсіну және өзара түсіністік).

А.С.Золотнякованың пікірінше, қарым -қатынас - бұл әлеуметтік және тұлғаға бағытталған процесс, мұнда жеке тұлғалық қарым-қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады. Автордың пікіріне сүйенсек, қарым - қатынас әлеуметтік процесс болып табылады. Яғни қарым - қатынас коммуникативтік- процесс ретінде түсіндіріліп, тек әлеуметтік құндылық мөлшерін реттеумен шектелмейді, ол индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруымен сипатталады [4].

Қазақтың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Жарықбаев қарым-қатынас туралы былай деген: «қарым - қатынас - адам іс - әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды». Сондықтан қарым-қатынас тіршіліктің барлық кезеңінде адам үшін маңызды орын алады. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуында негізгі факторлардың бірі - ол қарым-қатынас [4].

Қарым-қатынасты философиялық тұрғыдан талдаған белгілі ғалымдардың бірі – М.С.Каган. М.С.Каган қарым-қатынасты субъектіаралық әрекеттесу деп түсінді. Тұлғаның өзіне субъект екендігін басқалар тарапынан жететін кері байланыс білдіреді.

Автордың ойынша іс-әрекетпен бірге қарым-қатынастың да тұлға субъектілігін анықтаудағы маңызы аса зор. Түрлендіруші іс-әрекетпен қатар және осындай іс-әрекетті жүзеге асыруының арқасында адамның өзін-өзі өзгертуі орын алады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ғұламалары мен ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев және XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ зиялылары Ш.Құдайбердиев, А. Байтұрсынов өз шығармаларында тұлға және қарым-қатынас мәселесін көтерген[5].

Мысалы, қарым-қатынастың философиялық негізін В.С. Библер, Г.С. Батишев, М.С. Каган, Ж.М. Әбділдин, Қ.Ә. Әбішев, Д. Кішібеков, қарым-қатынас мәдениетін В.С. Грехнев, Е.М. Семёнова, Р.М. Фатихова, Е.О. Омар, Ю.А. Сапарова, коммуникативтік мәдениет мәселелерін И.И. Зарецкая, А.Н. Васильева, В.В. Соколова, Г.Д. Аулбекова, қарым-қатынастың қоғамдық-әлеуметтік өмірде тілдесу, ортақтасу арқылы жүзеге асуын, қарым-қатынас барысында шиеленіс мәселелерін С. Елеусізова, А. Құдиярова, К.М. Арымбаева, психологиядағы қарым-қатынас туралы әлеуметтік зерттеулер негізінде Б.Д. Парыгин, Л.П. Бueva, А.А. Леонтьев, тұлғаны дамытудағы қарымқатынас мүмкіндіктерін Б.Г. Ананьев, А.А. Бодалев, Л.И. Божович, И.С. Кон, қарым-қатынастың мәдениет теориясын Э.А. Баллер, И.С. Злобин, В.Е. Давидович, Л.И. Рувинский, В.А. Кан-Калик, А.Н. Леонтьевтер қарастырса, қарым-қатынас мәселелерінің негіздерін зерттеген[5].

Л.Н. Коган, Л.М. Митина, Г.И. Саранцев, Р.Ж. Божбанова, Қ.Б. Жарықбаев, Э.А.Урунбасарова, Х.Т. Шеръязданова, Р.К. Кушембаева, этнографиялық зерттеулердегі қарым-қатынастың этномәдени деңгейін қарастырған.

М.С.Каган қарым-қатынастың төрт жағдайын қарастырған:

- қарым-қатынастың мақсаты субъектілердің өзара әрекеттесуінен асып түседі;
- қарым-қатынастың мақсаты өзара әрекеттестіктің өзінде болады;
- қарым-қатынаста коммуникацияның мақсаты серіктеспен қарым-қатынас бастамасының тәжірибесі мен құндылықтарымен бөлісу;
- коммуникацияның мақсаты - өзінің серіктес құндылықтарымен бөлісу[6].

Функционалды жағдайларға сәйкес қарым-қатынас түрлері қарастырылады: қарым-қатынасқа бола, басқаны өз құндылықтарына және өзгенің құндылықтарын өзіне ортақтастыру ретінде заттық ісәрекетке қызмет ету.

Бірінші түрге мысалыретінде қарым-қатынас іс-әрекет мақсаттарын іске асыратын дәстүрлердегі, ойындардағы қарым-қатынасты алуға болады;

- екіншісіне мысал – достық қарым-қатынас;

- үшіншісіне – тәрбие; төртіншіге өзін-өзі тәрбиелеу. Берілген жіктеуде қарым-қатынас мақсаттары мен құралдары арасындағы байланысты аңғаруға болады.

Психологияда қарым-қатынас мәселесімен Леонтьев А.А., Петровская А.А., Анисимов О.С., Бодалев А.А., Лисина М., Павлов К.Г. және т.б. айналысқан. Жоғарыда алғандардың әрқайсысы «қарым-қатынас» ұғымына өзінше анықтама береді. Леонтьев А.А. «қарым-қатынас» ұғымын әмбебап коммуникативтік іс-әрекетке, яғни қарымқатынасқа белгілі бір іс-әрекет түріне сияқты қарау керек деп есептейді[6].

Қарым-қатынасқа ең жалпы анықтаманы Б.Ф. Ломов берді: «... қарым-қатынас адам тұрмысының индивидуалды формасының маңызды жағы болып табылады». Ол қарым-қатынас іс-әрекетінің әр түрлі формалары, деңгейлері, түрлері жайлы және оның құрамдас бөлімдері – сан алуан ақпарат алмасу процесі, коммуниканттардың өзара әрекеттесуі – жайлы сөз қозғайды. Б.Ф. Ломов қарым-қатынас деңгейлерін анықтайды:

– Макродеңгей;

– Мезодеңгей;

– Микродеңгей.

Макродеңгей – индивидтің басқа адамдардың қалыптасқан қоғамдық қатынастарға, дәстүрге, салтқа сәйкес қарымқатынас жасауынан көрінеді.

Мезодеңгей – тақырыптың мазмұнымен анықталады.

Микродеңгей – мазмұны мен сыртқы көрсеткіштері арқылы көрінетін контактілі байланыс.

Неміс-американдық психолог К. Левин адамдарды жекелей өзгерткенде топ арқылы әсер етудің дұрыс болмайтындығын психологиялық әсер етудің тәжірибелерімен дәлелдеген.

М.И. Лисина қарым-қатынасты коммуниканттардың өзара әрекеттесуі деп санайды. Ол Циготский тәрізді мақсаттық бағдардың қажеттілігін көрсетеді. Бұған қарағанда В.Н. Панферов нақтырақ анықтама береді: «Қарым-қатынас адамдардың өзара әсерлеуі болып іс-әрекет процесінің жағымды қатынас құру мақсатында коммуникация құралдары арқылы ақпарат алмасады».

В.В. Богословскийдің берген анықтамасында «қарым-қатынас өзара түсінісу, өзара әсер ету, ақпарат алмасуда көрінетін психикалық контакт туатын адамдар арасындағы психикалық контакті орнату» делінген. К. Маркс қарым-қатынаста ғана индивидтер бір-бірін физикалық және рухани толықтырады; қарым-қатынас – адамдардың адамдарды өңдеуі деп есептеген[7].

Басқа танымал психологтер, мысалы А.А. Бодалев, Е.С. Смирнов қарым-қатынас барысында әрбір жақ тұлға болып келеді деген. А.А. Бодалев қарым-қатынасты іс-әрекеттің ерекше түрі деп, қарым-қатынасты адамның тұлға және іс-әрекет субъектісі және жеке дарылық ретінде дамуының негізгі факторы болатынын атап өтеді.

Қарым-қатынастың тәрбиелік мәнін ол тек дүниетанымды кеңейтуде ғана емес, сонымен қатар, тұлға интеллектісінің дамуындағы рөліне тоқталған. Г.М. Андреева өзінің «әлеуметтік психология» еңбегінде қарым-қатынас мәселесіне қатысты әлеуметтік-психологиялық тұрғыларды интеграциялауға тырысты. Қарым-қатынасты сипаттай келе, ол онда өзара байланысты үш жақты қарастырды: коммуникативтік (өзара ақпарат алмасу), интерактивті (өзара әсерлесе) және перцептивті (өзара қабылдау және түсінісу).

Педагог-зерттеушілер философтар мен психологтердің мәліметтерін интеграциялап, «қарым-қатынас» ұғымына өз анықтамаларын берді. Мысалы, А.В.Мудрик қарым-қатынасты әр түрлі субъективті қатынастар байланыстыра алатын адамдардың өзара әрекеттесуінің объективті процесі ретінде қарастырады. Қарым-қатынас бірлескен тіршілік іс-әрекет негізінде қалыптасады. Ол бір-біріне деген не оң не теріс қатынастың қалыптасу процесінде іске асады[8].

В.А.Кан-Калик педагогикалық процесте қарым-қатынас арқылы байқалмайтын, бірақ өте маңызды тәрбиелік өзара қатынастар жүйесі қалыптасатынын, және оның ЖОО-да тәрбиелеу мен оқыту тиімділігінің арттыратынын айтқан. Оның ойынша, қарым-қатынас адамгершілік-құндылық потенциалға ие[9].

А.В.Мудрикке қарағанда, В.А.Кан-Калик қарым-қатынас функцияларын ішкі және сыртқы бөледі. Олардың әрқайсысы құрамдас бөліктерге ие. Сыртқы: ақпараттық-коммуникативті, тұлға аралық қатынастардың өзара танымды етіп ұйымдастыру, бейімделу. Ішкі: эстетикалық, дәмдік, мінез-құлықтың, әдептік.

М.А.Буева қарым-қатынасты тек рухани ғана емес, сонымен бірге материалдық, әлеуметтік-шынайы процесс ретінде қарастырды. Онда іс-әрекетпен, тәжірибемен, дағдылар мен икемділіктермен алмасу іске асады.

Т.В.Пеленина қарым-қатынастың тұлға қалыптасуындағы рөлі жайлы әңгімелей келе, қарым-қатынасты болашақ маман тұлғасының қалыптасуының бір факторы ретінде қарастырды. Ол студенттердің топтық іс-әрекетінің реттеушісі және топтық мінез-құлық формаларының, адамгершілік, эстетикалық құндылықтардың реттеушісі болып келеді.

Тұлға өзін басқа тұлғалармен қарым-қатынаста анық көрсететіні белгілі. Және де, С.К.Рощин пікірінше, тұлғаның маңызды сипаттамаларының бірі адамның қарым-қатынас құратын серіктестерінің ол үшін субъективті қолайсыз немесе жағымсыз өзара жеке ерекшеліктерін (әрекеттері, әдеттері, жүріс-тұрыс стилі, ойлау стереотипі) қандай дәрежеде көтеретінін (шыдайтынын) көрсететін коммуникативтік төзімділік болып табылады[9].

Коммуникативтік коммуникаторлар мен олардың серіктестерінің ерекшеліктеріне тәуелді. В.В.Бойко қарым-қатынасқа ықпал ететін тұлғаның негізгі сипаттамаларына мыналарды жатқызады: интеллектуалды, құндылықты, этикалық, эстетикалық, эмоциялық, сенсорлық, энергодинамикалық, мінез-құлықтық.

Автордың пікірінше, осы сипаттамалардың интегративтік қызметі адамдар арасындағы қатынастарды, олардың агрессивтілігін немесе төзімділігін анықтайды.

Қарым-қатынастың ішкі құрылымы да өте күрделі, оны шартты *түрде үш жаққа бөлуге болады*: коммуникация, перцепция, интеракция. Біртұтас, ішкі бірлігі бұзылмас процесті біз ғылыми мақсатта, терең және жанжақты талдау үшін үшке бөлеміз. Естен шығармайтын жайт: тіршілікте арақатынас – біркелкі, бұзылмайтын процесс. Коммуникация – арақатынас партнерлерінің бір-бірімен ақпарат алмасуы, білімді, идеяны, пікірді, сезімді беру мен қабылдау процесі.

Интеракция – тұлғааралық қимыл ұйымдастыру, қатысушылардың өзара қозғалыс пен әрекет алмасуы. Перцепция – адамдардың бірін-бірі тануы мен тәрбиелеуі негізінде құрылатын белгілі тұлғааралық қатынастар. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты күрделі, өзгермелі, өзара байланысты жүйе ретінде қарастыра отырып оның бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады.

1.Ресми қарым-қатынас - қызметтік негізде қалыптасады, заңмен тұрақтанады, жарғымен, ережелермен реттеледі.

2. Ресми емес қарым-қатынас - жалпы қабылданған заңдар мен талаптарды белгілі тұрақтанған ережеге бағынуды талап етпейтін адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Бұл ұнату, жақсы көру, достық, жолдастық, жек көру, жауласу т. б. себептер негізінде пайда болады.

3.Тігінен қарым-қатынас - бұл тұлғааралық байланыс, басшы мен оған бағынушылар арасындағы, көшбасшы мен басқа ұжым мүшелері арасындағы байланысты көрсетеді, жалпы ұжымда ресми мәртебеге ие тұлға мен қалғандары арасындағы қатынас түрі.

4.Көлденеңінен қарым-қатынас - бұл бірдей мәртебеге ие ұжым мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасы. Ұжым ішінде тігінен және көлденеңінен қарым-қатынас түрлерін бір-бірімен салыстыруға, қарамақарсы қоюға болмайды.

5.Іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас - бірлескен іс-әрекет, қызмет барысында адамдар арасында болатын қарым-қатынас түрі.

6. Жеке қарым-қатынас - орындалатын іске тәуелді емес адамдар арасындағы қарым-қатынас. Іскерлік және жеке қарым-қатынас түрлері бір-бірін толықтырады. Іскерлік қатынастарға шек қоюға болады, ал жеке қатынасқа шек қою мүмкін емес.

7. Рационалды тұлғааралық қарым-қатынас - адамдардың бір-бірі туралы білігі, басқа адамдардың оны объективті бағалауы жатады.

8. Эмоционалды қарым-қатынас - адамның адам даралығын қабылдауы. Бұндай қарым-қатынас түрі жағымды және жағымсыз қарым-қатынас негізінде іске асырылады. Аталған қарым-қатынас түрлері ұжымды дамытуда, ондағы дұрыс қарымқатынасты қалыптастыруда маңызды [10].

Барлық адамдар *қарым-қатынас стилі бойынша* - әртүрлі жағдайларда коммуникацияның тұрақты сипаттамасымен ерекшеленеді. Қарым-қатынас стилі басқа адамдармен қарым-қатынас жасағанда адамның мінез-құлқын айтарлықтай анықтайды.

Кәсіби сөздік қарым-қатынаста, әдетте, коммуникативтік өзара әрекеттесудің келесі стилдері қолданылады: ресми-іскерлік, ғылыми, журналистік, күнделікті (әңгімелесу). Сөйлеудің ресми және іскерлік стилі. Ресми және іскерлік стиль өмірдің және кәсіптік қызметтің практикалық талаптарына байланысты.

Ол құқықтық, басқарушылық, әлеуметтік қатынастар саласында қызмет етеді және жазбаша түрде (іскерлік хат-хабарлар, нормативтік актілер, есепке алу және т.б.) және ауызша түрде (жиналыста баяндама, іскерлік кездесулерде сөз сөйлеу, қызметтік диалог, сөйлесу, келіссөздер).

Сөйлеудің ғылыми стилі. Ғылым тілі ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысатын адамдардың іс-әрекеттерінде пайдаланылады, объектілер мен құбылыстар туралы шынайы білімді қалыптастырады, шындықтың идеялары мен заңдылықтарын, олардың үлгілерін анықтайды. Ғылыми стилі ғылыми трактаттарға, мақалаларға, тезистерге, диссертациялық зерттеулерге, ғылыми жұмыстарға, сондай-ақ конференциялар мен симпозиумдарда, семинарларда және дәрістерге арналған.

Публицистикалық сөйлеу стилі. Жұртшылықтың алдындағы кез келген сөз сөйлеуді публицистикалыққа жатқызуға болады: ауызша - сөйлеу, баяндама, дәріс, жиналыста немесе митингте сөйлеу, теледидарда немесе радиодағы сұхбаттар жатқызылуы мүмкін; немесе жазбаша – газеттегі мақала (жазба), кәсіби кітапқа пікір.

Публицистикалық стиль (латынша *publicus* - қоғамдық), әдетте, келесі қоғамдық қатынастар саласында қызмет етеді: саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени. Бұл стиль бұқаралақы ақпарат құралдарында, насихаттау және үгіт-насихатта, сайлауда кеңінен пайдаланылады.

Ауызекі-тұрмыстық сөйлеу стилі. Іскерлік стильдерден айырмашылығы, ауызша сөйлесу сөзі тек үйде, отбасында, достық шеңберде емес, сондай-ақ кәсіби ортада болатын бейресми қарымқатынас саласында қызмет етеді. Ауызша әңгімелесу, әдетте, адамдар арасындағы тұлғалық қарым-қатынастың функциясын орындайды, сондықтан көбінесе ауызша түрде, диалогта сөйлеушілер жиі өздігінен қатысады. Мұндай хабарламада алдынала сөзін ойластыру қарастырылмаған. Ауызша сөйлеу өзін-өзі танытуға, тұлғаның жеке қасиеттерін ашуға көмектеседі, себебі бір эмоциялық әрленген болып келеді. Мұнда вербалды емес коммуникация құралдары мен дененің мәнерлі сигналдары маңызды рөл атқарады.

Тұлғаның коммуникативтік стилі. Адамның коммуникативтік құзыреттілігін жүзеге асыру коммуникативтік стиль арқылы жүзеге асырылады.

Үш коммуникативті стилді ажыратамыз: синергетикалық, нонсинергетикалық және антисинергетикалық (В.В.Бойко). Синергетикалық стиль (грек *synergeia* - ынтымақтастық, достастық). Тұлға өзінің мінез-құлқымен, әріптестермен өзара әрекеттесу жолымен бірлескен қызметтің тиімділігін арттыруға және біріктіруге ықпал етеді.

Нонсинергетикалық стиль (лат. *non* - жоқ). Бір адам бірлескен жұмыстың табысқа жетуіне жол беруіне қарсы және мүмкін болмайтындығымен сипатталады.

Антисинергетикалық стиль (грек. anti — қарсы). Әріптестермен өзара іс-қимыл жасағанда, мінез-құлықтың белсенді деструктивті түрлерімен сипатталады.

Сонымен, қорытындылай келе, қарым-қатынасты субъект-субъектілік қатынастар болып келетінін айтуға болады, себебі ол іс-әрекет және өзіне үлкен рухани, адамгершілік-құндылық потенциалды кіріктіреді[11].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. Алматы 2005ж., 415б.
2. Намазбаева Ж.И. Психология Алматы: 2005, 293б.
3. Жақыпов, С.М. Жалпы психологияға кіріспе [Мәтін]: оқу құралы /жауапты ред. С.М. Жақыпов. –Алматы: Қазақ университеті, 2007. 230 б.
4. Андреева Т.В. Семейная психология [Текст]: учебное пособие. – СПб.: Речь, 2004, 244с.
5. Турдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралы [Мәтін]: монография / Ш.Т. Турдалиева – Тараз: М.Х. Дулати ат.ТарМУ, 2019, 211б.
6. Жақыпов С.М. Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер [Мәтін] / С.М. Жақыпов, Ф. Бизақова - Алматы, 2006, 247 б.
7. Мұсаева С.А. Жас ерекшелік педагогикасы [Мәтін]: оқулық / С.А. Мұсаева, Т. Бегалиев. - Астана, 2006, 128 б.
8. Бапаева М.К. Даму психологиясы: Оқулық. – Алматы: 2014. -440 бет.104-106 бб.
9. Бодалев А.А. Психология личности. М.; Изд-во МГУ, 1988г, 312с.
10. Годфруа Ж. Что такое психология М., «Мир», 1996ж., 1том -370с., -2том, -490с.
11. Шнейдер Л.Б. Психология семейных отношений [Текст]: учебное пособие для вузов. 2-е изд. –М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2006, 768 с.